



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

«Сүндетке отырсаң сен нағыз жігіт боласың», - деп құлағына құя берген. Осындай әңгімелерге әбден еті үйренген бала осы күнді асыға күтіп, іштей дайын болып жүреді.

Баланы неғұрлым ерте 5 жасында сүндетке отырғызса, соғұрлым ауырсынбай тез жазылып кетеді деп есептеген. 3 жастан аса отырғызатындар да кездеседі. Әдетте, сүндеттелген бала 1 немесе 2 күн төсекте жатады. Сүндетке отырғызу көбіне жазға салым немесе күз айларының бастапқы уақытында жүргізілген, балаға ыстық та, суық та әсер етпесін деген мақсатпен. Кейде 2-3 шаңырақ ағайын-туыстың балаларын жинап бірге сүндетке отырғызады. Ол үшін баланы құрметтеп, ауыл-аймақ «мұсылман болғаның құтты болсын» деп мүмкіндіктерінше киім-кешек, тәтті дәмдер, ақшалай т.б. заттарды «шашу» және «байғазы» ретінде алып келіп, қолына ұстатады. Ал сол күні баласының ер-азамат, ересектер қатарына қосылып, «мұсылман болғанына» қуанған ата-ана қой сойып, құран оқытып баласына бата тілеген. Әдетте, осы «құран оқыту» дәмінен сүндетке отырғызу ғұрпын жасаған адам дәм татқан және оған (қожа, молдаға немесе басқа сүндетшіге) ақшалай, заттай киім-кешек немесе қой, жылқы т.б. беріп сый-сияпат жасалған. Жарасы жазылғанша баланың көңілін аулауға туыстары мен көршілері келіп, сыйлықтар тапсырады. Молдаға немесе дәрігерге баланы сүндетке отырғызғаны үшін мал немесе ақша берген. Сүндет тойына келгендер «сүндетің қабыл болсын» деп баланың төңірегіне тәтті дәмдер толтыру, жастығының астына ақша тығу, балаға көрімдік беру сияқты әдет-ғұрыптар мен түрлі ырымдар өткізеді [1, 182,216 – б.].

Сондай-ақ әркім өздерінің әлеуметтік жағдайларына орай сүндет той жасаған. Ал көршілес Ауғанстан, Түркия елдерінде баланың сүндетке отырғызылуы мемлекеттік деңгейде аталып өтіледі.

Дәстүр бойынша ауыл молдасы немесе қазіргі уақытта сүндеттеу тәжірибелі хирургтың қолымен ауруханада (кейде үйде) жасалады.

Қорыта келе, қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлерінде терең мән мен мағына жатқаны байқалады. Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бала тәрбиесіндегі дәстүрлер қазақ балаларын ұлттық болмысымызға сай тәрбиеленуіне ықпал етіп келеді.

Қолданылған әдебиет:

1. Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Арыс», 2005. – 328 б.
2. Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Арыс», 2005. – 328 б.
3. Калышев А.Б. Родильная и детская обрядность у казахов // Вестник Академии Гуманитарных наук РК. Научный журнал. – Алматы, 1998. - С.76.
4. Моногарова Л.Ф. Семья и семейный быт // Этнографические очерки узбекского сельского населения. – М:Наука, 1969. – 296 с. – С.216; Симаков Г.Н. Общественные функции киргизских народных развлечений в конце XIX-нач. XXв.в. – Л:Наука,1989. – 229 с.
5. Құран Кәрім. Аударған Халифа Алтай Ғақыпұлы.

УДК 391,75

ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР

Қалдыбекова Мадина Ғабдыжалилқызы

k_madina.g@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Зергерлік өнер – қазақтың дүниетанымы мен мәдениетінің маңызды бөлігі. Ал зергерлердің қолынан шыққан әшекей бұйымдар – халқымыздың ұлттық мәдениетінің алтын қазынасына айналған асыл мұра. Әсіресе, қазақ зергерлері қыз-келіншектерге арнап соққан асыл бұйымдардың жөні бөлек. Олар әйел затының ажарына көрік, сымбатына сән қосады. Сондай-ақ, діни сенім, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты нышандарға бай. Әрі әйел адамның сол қоғамдағы, отбасындағы рөлі мен орнын білегіне, саусағына және өңіріне таққан асыл бұйымдардан танитын болған.

Ертеде қазақ зергерлері жасаған негізгі бұйымдар көбіне ұзатылатын қалыңдыққа арнап, күмістен соғылған әшекей заттар болған. Күміс әшекейлерді қазақ қыздары бала күнінен бастап тағып, өмір бойы тастамаған. Неғұрлым жас болса, қыздардың әшекейі соғұрлым көп болған. Әйелдердің ұлттық киіміне тағылған әшекейлердің әрқайсысының мәні тіл-көзден сақтау, жолы болу, сәбилі болу, сиқырдан сақтау деген сияқты болған. Оған қоса бойжету, келіншек, бәйбіше болу деген сияқты жас ерекшелігіне байланысты тағылатын және әйелдің әлеуметтік орнын айқындайтын да әшекейлер болған.

Әшекейлер тек сән-салтанат үшін ғана емес, әдет-ғұрып, наным-сенімдерге де тікелей қатысты болғандықтан, кез келген әлеуметтік ортаның өкілі өз хал-қадірінше әр түрлі әшекейлер иемденуге, тағуға тырысқан. Әшекейлерді қасиетті тұмар ретінде ұстаудың алғашқы белгілері палеолит дәуіріне саяды. Аңдардың сүйегінен, азу және сойдақ тістерінен, ұлу тұқымдастарының қауыршақтарынан алқа, білезік, жүзік, тағы басқалар жасау сол кездерден етек алған. Тұмар тағушылар осы киелі зат өзіме күш-қуат береді, пәле-жаладан, көз-сұқтан, төтенше қауіптен сақтап қалады деп түсінген. Зергерлік әшекейлердің тұтас тұрқы да, тұрпаты да, жекелеген бөлшектері де, материалы мен ою-өрнегі де белгілі бір мән-мағынаны білдіреді. Әшекейлеуге қондырылған асыл тастарды халық әдетте тас немесе көз деп атайды. Көз қондырылған бұйымның көз тиюден алдын ала сақтайтын киелілік қасиеті бар деген ұғым үстем болған. Асыл тастың қасиетіне сенушілік қазақ халқының тұрмыс дәстүрінде әлі де болса сақталып келеді, яғни інжу көз қарашығын шел басудан, көз сүйелінен, ноғаладан, ал маржан дуаның әсерінен немесе азғындаушылыққа ұрындан сақтайды, сарғылт дүр тамақ ұрасы мен жемсау ісігін басады, құлпырма тас көз тиюден, өсек-аяңнан қорғап, әрі дұрыс жолға бастайды, ақық мол бақыт әкеледі деген пікірлер бар. Академик Ақжан Машанов «Социалистік Қазақстан» газетінің 1962 жылы 14 қаңтар күнгі санында жариялаған мақаласында янтарь-күн сәулелі, әдемі тастардың бір кездері «кереметті тас» деп саналғанын айтады. Янтарьдың ғажайып сипатын грек ғалымдары осыдан 2500 жыл бұрын білген көрінеді. Оны парсы тілінде хахруба (өзіне тартқыш) деп атайды екен. Янтарь, тегінде, қарағайдың қатып қалған шайырынан пайда болады. Сол себепті оның ішінде құрт, құмырсқа, қоңыз сияқты жәндіктердің қаңқасы қалып та қояды [1, 130-б.].

Қазақ халқы ежелден күмістің тіл-көзден, түрлі дерттен сақтайтын, тазартатын қасиеті бар деп сенген. Сондықтан, үй шаруасындағы әйел ас қамдаса да, бала шомылдырса да қолынан күміс жүзігін тастамаған. Күміс жүзік тағумен ғана шектелмей, нәрестені қырқынан шығарып, шомылдырғанда суға күміс теңге тастап: «Баланың күні күмістей жарық болсын», - деп жоралғы жасаған. Ал мұсылман дінді ер адамдар күміс сақинаны Мұхаммед пайғамбардың жолы деп тағатын болған. Өйткені, Мұхаммед пайғамбардың ер адамдарға алтын емес, күміс жүзік салыңдар деген уәжі болған [2, 226-б.].

Бұрынғы кездері қыз балалар мен жас әйелдерге зергерлік бұйымдарсыз жүру ерсі болған, әсіресе, алқасыз жүру ерсілік танытты. Зергерлік әшекейлерді тағып жүріп әйел адамдар өздерін қорғай алатын, байсалды жан ретінде сезінген, ал оларсыз өздерін жалаңаш кейіпте көрген. Қазіргі кезде де респонденттер «әшекейі жоқ әйел-жапырағы жоқ ағашпен тең» деп, әшекейсіз әйелді қу ағашқа теңеген [2, 265-266 бб.].

Көз-сұқтан сақтану үшін арнайы жасалатын тұмарлардың киелілік қасиеті соншалық болған. Кәдімгі сырғаның өзінің де әуел баста кісіге медеу беретін киелігі бар деп қабылданып, ежелгі замандардан бері қарай оны қыздарға бала жастан тағатын болған. Ал

шашбаулар қыз баланың ұзын да қалың шашын көрсетсе, білезіктер мен жүзіктер білек пен нәзік саусақтарына көрік берді, белдіктер қыпша белін, алқа кеудесінің сәнін көрсетті. Сондай-ақ, қыз балаға осы және басқа да әшекейлерді сыйлау барысында оларға сәйкес бата-тілектер айтылған. Егер шашқа арналған әшекей сыйласа, онда «Шашың ұзын болсын, қалың болсын» деп айтқан, ал бұл әйел әсемдігін құраушы маңызды белгілердің бірі болды. Жүзіктер мен білезіктер сыйлағанда «Қолың өнерлі болсын» деп айтқан. Сырғаны құлақтың тесігіне сала отырып, «Құлағың ауырмасын, жаманшылық естіме, бетің ажарлы болсын» деп сыбырлаған. Белдік сыйлай отырып, қыз балаға қыпша белді, әдемі болсын деп тілек айтқан [2, 265-б.].

Қазақтардың ұғымынша, өсімдік тектес оюлар мен дән шашылған өрнектер береке, молшылықты білдірген, көкөністердің өркенін бейнелеу өзінен тарайтын ұрпақтың көп болуын тұспалдайды. Сондықтан да өрнектің бұл ырғақтары тойларда киетін өңіржиекте, сәукеледе көп ұшырасады. Космогониялық өрнектерде де толып жатқан жақсы сенім-ырымға негізделген түсініктер бар.

Дәстүрлі сәндік бұйымдармен байланысты наным-сенімдер әлі де үлкен жастағы әйелдері арасында өмір сүруде. Зергерлік бұйымдардың денеге тиіп тұруы сүйек сырқырауын тоқтатып, әр түрлі емдік әсерлер береді деген ұғым халық арасында сақталған. Ал зергерлік бұйымдардың көмегімен ауру-сырқаудан айығуға болады деген түсінік осы күнге дейін қолданылып келеді. Ол үшін зергерге ауруды емдейтін бұйымдарды жасауға арнайы тапсырыс беру керек. Содан соң ол бұйымды басқа біреу қызығып, сұрағанға дейін тағып жүруі керек. Бұл бұйымды біреуге сыйлау арқылы аурудан айығады деп есептелінген. Осыған ұқсас іс-әрекетті аяғы ауыр әйелдер де жүзеге асырған, яғни, ол жеңіл және сәтті босану мақсатымен босанғаннан кейін туыстары мен құрбыларына сәндік бұйымдар сыйлауға уәде береді. [2, 269-270 бб.].

Дәстүр бойынша, құда түсу кезінде сыйлықтармен толтырылған қоржын әкелетін болған. Қоржын ілгегіне күмісті сақиналар, жүзіктер, білезіктер және басқа да сәндік бұйымдарды байлаған. Бұрынғы кездері қоржынға әшекей заттар тағылмаса, онда міндетті түрде күміс құймасын қоржынға салатын болған. Қарастырылып отырған ғұрыпта бұйымдар мен күміс құйма бір жағынан келін үшін берілетін материалдық құн есебінде, екінші жағынан сәтті де, бақытты некенің ақ және адал бастауы болған. Құдаласудың бұл рәсімі үкі тағу деп деп аталды. Қазіргі кезде де Солтүстік Қазақстанда қоржын матадан өлшеніп тігіліп, оның алдыңғы жағына әр түрлі әшекейлер тағу арқылы жасалады [2, 271-б.].

Қыз баланың той көйлегі міндетті түрде сәндік бұйымдармен әсемделді және сыңғырлаған шолпылармен бірге жарқыраған күміс әшекейлер келіннің көркемдігін күшейтіп, тойдың сәнін келтіреді. Сонымен қатар сәндік бұйымдар келінді адамдардың тіл-көзінен сақтап, біруақытта бақыт, мықты ұрпақ, ұзақ өмір, мол байлық әкеледі деп ырымдалған. Қазіргі кезде келіннің туыстары тойда оған алтыннан жасалған бұйымдарды көптеп сыйлайды. Сыйға тартылған сәндік бұйымдар келіннің жеке заты деп есептелгенімен, олардың барлығын өзінде қалдырмаған. Жас келін өзінің әшекейлерін күйеуінің туыстарына жиі сыйлаған. Бұл қайын апа-сіңлілерін бақытқа, жақсы істерге, байлық пен сәттілікке кенелтудің белгісі ретінде болды [4, 192-б.].

Қазақтар арасында төрт нұсқадағы тұмарлар: үшбұрышты-тұмарша, тікбұрышты-қолтықша, түтікшелі-бойтұмар және күрделі құрылысты үшбұрышты-түтікшелі тұмарлар үлкен рөл атқарды. Ұқсас тұмарлардың түрлері Орта Азия, Таяу, Орта Шығыс пен Египеттің мұсылман халықтарында болған. Тұмарлардың ішіне Құран сүрелерін, қой, түйе жүндерін және басқа да қасиетті заттарды салған [5, 61-б.].

Әйелдер алғашында құрылымы күрделендірілген, кейін қарапайымданған сырғаларды өмір бойы тағып жүрген. Ал егер сырға болмаса, онда құлақтарына жіп тағып жүрген, негізінен, бұл сирек болатын құбылыс еді. Қыз баланың құлағын үш жастан бастап тесіп, жібек жіп таққан, кейін оны кішкентай күміс сырғалармен ауыстырған. Осыған байланысты бұл әшекейлік бұйым түрі болашақта қыз баланың ұрпақ жалғастыратын қасиеттерін көрсетуші кепілі болған. Қыздар үшін міндетті өзіндік инициация болып табылатын құлақ

тесу мәні жағынан сүндетке отырумен бірдей болды. Сондықтан да халықта айтқан: «Құлақ тесу – қыздың сүндеті». Қалыңдық жасына жеткен қыз балалардың сырғаларында күн, жұлдыз, ай, ал алқаларында дән, жапырақ арқылы репродуктивті (көбейткіштік) белгілер көрсетілген. Халықта болашақ сәбидің жынысын анықтауға байланысты ырымдар кездеседі: «Егер аяғы ауыр әйел немесе оның жақындары түсінде сырға көрсе, міндетті түрде қыз туылған». Халық нанымдарына байланысты сырға құлақты тек жаман күштерден ғана емес, сондай-ақ балағат сөздерден, өсек-аяңнан қорғайтын болған. Осыған қатысты тағы бір ғұрып бар, яғни әйелдердің құпия әңгімелесуі кезінде кішкентай балалар отырса, оларға «құлағыңа алтын сырға» деп айтылған, осыдан кейін балалар өздеріне қатысты емес, үлкендердің сөзін тыңдамаған [2, 276-277 бб.].

Қай халықтың да тарихына үңіліп қарасаңыз, олардың өмірінде жүзік пен сақинаның алатын орны ерекше болғанын көреміз. Көптеген елдерде сақина да, жүзік те қасиетті зат ретінде саналған. Басқасын айтпағанда, үлкен өмірге қарай қадам басып, жаңадан некелесіп жатқан жастардың бір-біріне сақина сыйлайтын дәстүрінің өзінде жай көзге бірден байқала қоймайтын терең мағына бар. Саусаққа салынған сақина жұбайлардың бір-біріне деген адалдығы мен махаббатын, көтерген шаңырақтарының беріктігін білдіреді. Ал, енді неке сақинасы қандай болу керек дегенге келсек, басты шарт оның дөп-дөңгелек әрі ешқандай өрнексіз, бедерсіз, жұп-жұмыр болуы тиіс екендігінде еді. Бұл жаңа үйленген жас жұбайлардың жолы ешқандай кедергісіз тегіс болсын, олардың бақыттары да осы сақина секілді шексіз таусылмаса екен деген ырымнан туындаған көрінеді. Сонымен қатар, неке сақинасынан басқа күйеу жігіттің қалыңдық қолына бетінде көзі бар сақина салу дәстүрі бар. Жігіт қызды айттырып алатын болса, «келіп, қолына сақина салып кетіпті» деп айтылып жатады. Бұл «осымен сен мендікің, екеуіміз алдағы уақытта бірге отау құрамыз» деген түсінікті білдірген. Сақинаның көзі неғұрлым қымбат тастан жасалса, ол соғұрлым қадірлі әрі қалыңдықты жоғары деңгейде құрметтеудің белгісі деп есептеледі [7, 26-27 бб.].

Мұсылмандық неке кию кезінде де күйеу жігіт қалыңдыққа сақина сыйлаған, қалыңдық оны өмір бойы жоғалтпай, тағып жүруге міндетті, әйтпесе, отбасылық бақыттан қол үзіп қалуы мүмкін. Жалпы, дәстүрлік түсініктерге байланысты әр қазақ әйелі жүзік не сақина тағып жүруі керек, әйтпесе, оның дайындаған асы арам болады. Қазақтарда осы жағдайға байланысты нақыл сөз бар: «Тамақ адал болу үшін қолда жүзік болу керек».[2, 278-279 бб.]

Осындай семантикалық-мағыналы түсініктерге қосақталып тағылатын білезіктер де ие болған. Білезіктер - әйелдердің ең сәндік бұйымдарының бірі болғандықтан, онсыз әйелдер өздерін жақсы сезінбеген. Білезік тағыну халықта буындардағы сырқатты кетіріп, түс көру кезінде жаман күштерді аластайды деп есептелген. Қазақтардың дәстүрлі түсінігінде жаман күштер әйелдерге құлақ, шаш арқылы енсе, адамның күші алақан арқылы шығады делінген. Сондықтан әйелдер күш-қуаттарынан айырылмау үшін білезіктерін қолдарынан тастамаған. Барлық аталған білезіктің қасиеттері, аталған күштері арқылы, әсіресе, үлкен және жоғары буындағы әйелдер арасында көп қолданысқа ие болады. Сондықтан, сыйлық ретінде жақын туыстарының немесе құдаларының білезік беруі қадірлі болып саналады [2, 280-б.].

Мойынға тағылатын әр түрлі моншақтар да ерекше қасиеттері бар. Олардың сандық белгісінен басқа, қандай материалдан жасалғандығына да көп көңіл бөлінген. Мысалы, қорғаныс мақсатында ақ-қара агат тастарынан, қара-көк немесе көгілдер түстес бағалы тастардан жасалған моншақтар қолданылды. Оларды жас қыздар таққан және жас сәбилерге де тіл-көзден сақтау есебінде тағып қойған. Осындай тастармен жасалған моншақтарды самарқанд өзбектері мен түріктердің жаңа туған сәбилері тіл-көзден сақтану үшін таққан екен [6, 173-б.].

Әйелдер белдігінің де семиотикалық статусы қазақтар дәстүрінде онша көп айтылмайды. Тек қана әрбір қыз баланың міндетті түрде белдік тағып жүруі керектігі белгілі. Әйтпесе, әйелдерге жеңілтек деген айып тағылып, жазалаған екен. Қыз баланың белдігін жоғалтып алуы қыздың абыройынан, беделінен айырылуымен тең болды [2, 282-б.]. Келіннің киіміне мәні жағынан маңызды болып келетін кемер белбеу тағылған. Келінді жігіттің үйіне шығарып салатын күні қыздың әкесі тағы да бір тоқылған белбеуді үш рет айнала отырып,

қызға байлаған [6, 156-б.].

Шашқа тағатын шашбаулардың да өзіндік қасиеттері болған. Халық арасында: «Адам жанының бір ұшығы шаш арасын мекендейді» деген наным сақталып келгендіктен, қоңыраулы, сылдырмақты шолпыны шашқа пәле-жаланы маңайлатпайды деп ырымдап таққан. Қазақтарда шашты қию, түскен шаштарды жерге тастау сияқты түсініктер болмаған. Сондықтан қыз балалар әр түрлі шашбау, шолпылармен шаштарын жинап, өріп жүрген [2, 284-б.].

Қазақ халқында да басқа халықтардағыдай, жесір қалған әйелдер әшекей бұйымдар тақпайтын болған. Күйеуі өлген әйелдің қара жамылу уақыты Қазақстанның әр аймағында әр түрлі болған: Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда әшекей бұйымдарды бір жылдан кейін, ал кейбір оңтүстік және батыс аймақтарында әйел басқа біреуге тұрмысқа шыққанға дейін тақпаған [4, 88-б.].

Осылайша, дәстүрлі қазақ әйелдері әшекейлерінің мәні үш негізгі қызметке, яғни, апотропиялық (қорғаныс немесе сақшы), репродуктивті (көбейткіштік) және тілектестік сияқты қызметтерге саятынын көруге болады. Сондай-ақ, зергерлік бұйымдар әр уақытта да, әр жағдайда да құн, сыйлық, байлық, әлеуметтік беделдік сияқты сипаттағы қызметтерді де атқарды. Жалпы, зергерлік бұйымдардың орны той-думандар мен салт-дәстүрлерді орындау кезінде жоғары бағаланса, олардың жоқ болуы да белгілі бір белгілерді білдіргенін көреміз.

Қолданылған әдебиет:

1. Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995.-240-б.
2. Тохтабаева Ш. Ж. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 474-б.
3. Аргынбаев Х.А. Семья и брак у казахов. А.-А., 1973.
4. Тохтабаева Ш.Ж., Каримова Р.У. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің шетелдегі жәдігерлері. – Алматы: «Алматыкітап», 2011.
5. Серебрякова М. Н. О знаковой функции народного костюма // Этнографическое изучение знаковых средств культуры. Л.,1989. 154-176 бб.
6. Ниязова Н. Н. Әсемдікке құштарлық академиясы. – Алматы: ЖАҚ «Рост», 2001, - 168-б.

УДК 902

ҚАЗАҚ АЛТАЙЫНДАҒЫ САҚ ДӘУІРІНІҢ ЖЕРЛЕУ ҒҰРПЫ КЕШЕНДЕРІН ЖІКТЕУ

Құрманғалиев Арман

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Кез-келген археологиялық мәдениетті зерттеу көп жағдайда жерлеу ғұрпын анализдау арқылы жүзеге асады. Бұған себеп, жерлеуден өзге ескерткіш типтерінің белгісіз болуы, не толық қанды зерттелмеуі. Жерлеу ғұрпын екі аспектіде қарастыруға болады: белгілік-символдық және құрлымдық аналитикалық. Алғашқысында тіркелген құбылысқа семантикалық түсіндірме беру болса, екіншісінде жерлеу рәсімдерінің жекелеген бөліктерін сарапталады. Жерлеу ғұрпына осы екі аспекті арқылы жақындау арқылы біз ертедегі адамдардың өмірлерінің көптеген қырларын жаңғырта аламыз. Көптеген қорғандардың тоналып кетуі не бұзылуы салдарынан, жерлеу ескерткіші, нақты конструкциялық ерекшеліктерімен ежелгі адамдардың мәдениетінен ақпарт беретін жалғыз дерек көзі болып саналады.

Жерлеу ескерткішін белгілік-символдық жүктемеге бөленген және материалдық формаға айналған (қорған,сағана және т.б), адамның уақытша не мәңгілік мекені боатын,